



Залал келтіргендер заңнан құтылмайды

3



Финал алдындағы кездесу

4



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!
2020 жылдың бірінші жартыжылдығына "Сыр медиа" ЖШС қарасты газеттерге жазылу басталды.

"Сыр бойы" газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін: 6 айға – 3000 теңге.
Мекемелер үшін: 6 айға – 4000 теңге.



Сыр бойы

90 ЖЫЛ



№148
(19826)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

3 қазан / БЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ

Әріптестік көкжиегі кеңейе түседі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Армения астанасы Ереванда өткен бірқатар екіжақты кездесулерден кейін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шағын және кеңейтілген құрамдағы отырыстарына қатысты.

Кеңестің кеңейтілген отырысына Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко, Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбеков, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин, Армения Премьер-Министрі Никол Пашинян, Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасының төрағасы Тигран Саркисян қатысты. Сонымен қатар, шараға Еуразиялық экономикалық одақ жанындағы бақылаушы-мемлекет басшысы ретінде Молдова Республикасының президенті Игорь Додон, құрметті қонақтар – Иран Ислам Республикасының президенті Хасан Рухани және Сингапур Республикасының Премьер-Министрі Ли Сянь Лун қатысып отырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде армян тарапына жылы қабылдауына және отырысқа жоғары деңгейде дайындалғаны үшін ризашылығын білдірді. Мемлекет басшысы Еуразиялық экономикалық одақтың әлемдік сауда-саттықты дамытудың аса маңызды бөлігіне айналғанына сенімді екенін айтты.

Қазақстан Президенті нарықтың жылдам өзгеріп жатқан конъюнктурасы, державалар арасындағы бәсекелестіктің артуы, сауда соғысы, протекционизмнің өсуі әлем экономикасының тұрақсыздығына соқтыруы мүмкін деп атап өтті.



– Ғаламдық күрделі жағдайда мемлекеттеріміздің экономикалық орнықты дамуын қамтамасыз ету аса маңызды. Бұған шынайы әрі өзара ынтымақтастық, интеграция мен кооперацияның арқасында ғана көз жеткізуге болады. Біздің елдеріміз ортақ ішкі нарықтағы кедергілерді жою жұмыстарын жалғастыра беруге керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сауда жасаудағы кедергілерді жою жөніндегі жұмысты жандандыруға шақырды.

– Комиссия ұлттық занамааларға мониторинг тетіктерін күшейте алады және солай істеуге тиіс деп ой-

лаймын. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі қолданыстағы құқықтарды түсіндіру мен ақпараттандырудың тиімді тетіктерін әзірлеу қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық одақ аясындағы көлік-логистикалық ынтымақтастықтың оң нәтижелерін айта келе, Еуразиялық экономикалық комиссияға және ел үкіметтеріне ЕАЭО-ның біртұтас транзиттік жүйесін дайындау жұмыстарын жеделдетуді, сонымен қатар, озық технологияларды дамыту үшін қолайлы жағдай жасауды ұсынды.

– «Қытай - Еуропа - Қытай»

бағытындағы транзиттік операциялар мен экспорт-импорттың көлемі тұрақты артып келе жатқанын байқауға болады. «Вьетнам - Қытай - Еуропа» бағыты бойынша іске қосылған трансконтинентальді темір-жол желісі Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығына кіретін мемлекеттердің нарығына біздің елдердің өнімдерін шығарудың логистикалық мәселесін шешеді. Аталған көлік дәлізі теңіз тасымалына жақсы балама және Оңтүстік-Шығыс Азиядан Еуропаға ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағы арқылы қысқа мерзімде жүк

жеткізуге мүмкіндік береді, – деді Мемлекет басшысы.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі басты мәселе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттер мен Сингапур Республикасының арасындағы еркін сауда аймағы туралы келісімге қол қою болды. Аталған келісім ЕАЭО елдері үшін 600 миллион халқы бар Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығына мүше-мемлекеттердің алып нарығына жол ашады. Осыған байланысты, Қазақстан Президенті кеңейіп жатқан жаңа нарықтар мен сауда-экономикалық байланыстарды дамытып, аталған бағыттағы келіссөздердің жоғары деңгейін сақтап қалу маңызды екенін айтты.

– Еуразиялық экономикалық одақ болашақта Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы, Шанхай Ынтымақтастық ұйымы және басқа да ірі халықаралық ұйымдармен байланыстарды арттыруға басымдық беруі керек. Бүгін Жоғары кеңестің барысында Сингапур Республикасымен еркін сауда аймағы туралы келісімге қол қойылды. Осымен ЕАЭО осы бағытта Вьетнамды қоса айтқанда екінші елмен келісім жасалды. Иран Ислам Республикасымен сауда-экономикалық және логистикалық ынтымақтастықты дамыту маңызды мәселе, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жоғары Еуразиялық экономикалық отырысының соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ЕЭК алқасының төрағасы Тигран Саркисянды II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

Ереванда өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес қорытындысы бойынша 20 құжат қабылданды.

ӨНІМ ӨНДЕУ

Кеше Қызылордада «Абай-Дәулет» ЖШС-ның күріш ақтау зауыты ашылды. Салтанатты рәсімге облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков қатысты.

Назерке САНИЯЗОВА.

Күріш жармасының нарығы ұлғаяды

– «Бір түйір дәнде бір тамшы тер бар» дейді дана халқымыз. Мемлекеттік қолдаудың арқасында соңғы жылдары сырбайлық диқандар күріштен тұрақты өнім алуды дәстүрге айналдырып, еліміздің астық қорының ұлғаюына үлес қосып келеді. Быыл барлығы 88 мың гектар жерге күріш егілді. Ал қазіргі күні аудандар мен облыс орталығында Сыр маржанын жинау науқаны қызу қарқын алды. Ендігі міндет – қамбаға құйылған негізгі дақылды сапалы өңдеу арқылы күріш жармасын Қазақстанның ішкі және сыртқы нарығына шығару. «Абай-Дәулет» серіктестігінің бастама-сы осы бағыттағы жұмыстың жарқын үлгісіндей. Құрылығана көп бола қоймаса да, кәсіпорын күрішті сапалы өңдеп, тұтынушыға ұсынуда еліміздегі ғана емес, алыс-жақын шет мемлекеттерге де танылып үлгерді, – деді аймақ басшысы.

Компания 5 мың гектар жерге Сыр салысын егумен қатар, асылтұқымды мал шаруашылығы және жеміс-жидек өсірумен айналысады. Оған бәлек, бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін есте естен шығарған емес. Сырдария және Қармақшы аудандарын көркейту-қоғаландыру, жергілікті тұрғындардың тұрмыстық жағдайын жақсарту ісіне көңіл бөлуі – сөзіміздің дәлелі.

3-бет.

ШАТТЫҚ

Жаңа қоныстағы жарқын сәт

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков Сырдарияның сол жағалауындағы жаңа нысандарды пайдалануға беру рәсіміне қатысты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Қызылорда қаласының даму жоспарына сәйкес Сырдария өзенінің сол жағалауында көлемі 1500 гектарға жана қала салу қолға алынған болатын. Сол жағалауды игерудің алғашқы қадамы 2016 жылы дарияның екі жағалауын байланыстыратын көпірден басталды. Жаңа қалада бұған дейін «Рухани жанғыру» орталығы мен Қызылорда қаласы тарихи музейі ғимараты, көпқабатты үйлер ел игілігіне берілсе, жана оқу жылынан бастап «Болашақ» университетінің кампусында студенттер білім алуа.

Енді жаңа нысандар қатарын 320 орындық «Ханшайым ана» бөбекжайы мен 220 отбасына арналған 4 тұрғын үй толықтырды.

– «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген мағынасы тереңде жатқан сөз халқымыздың ұрпақ тәрбиесіне қаншалықты мән бергенін

анғартса керек. Өскеңе ұрпақ үшін салынған инвестиция – болашағымыздың жарқын кепілі. Бұл мақсатта мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің ықпалы зор. Қазіргі таңда облыста жекеменшік балақшалардың үлесі 72 процентті құрайды, – деді облыс әкімі.

Жаңа бөбекжай да мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде салынған. Жоба құны – 874,6 млн теңге. Үш қабатты 320 орынға арналған балабақшада 16 топ болса, әр топқа 20 бүлдіршін қамтылған. Заман талабына сай жабдықталған ғимаратты жергілікті «Абу-Сер» компаниясы салған.

Балабақша заманауи үлгіде жабдықталған. Мұнда бүлдіршіндерді қабілетіне қарай бейімдейтін үйірмелер де көп. Шахмат, хореография, робототехника, бейнелеу өнері және тағы басқа үйірмелер

2-бет.

ҚАБЫЛДАУ

Өз уақытын аямаған, шәкірт бақытын аялаған



Мұғалімдер күні қарсаңында аймақтың үздік ұстаздары облыс әкімі Қуанышбек Ысқаковтың қабылдауында болды.

– Мұғалім – ұлы мамандық иесі. «Ұстаз» деген ұғымда ұлылық та, жылылық та бар. Өйткені алдарыңызға тарыдай болып келген бала таудай аза-

мат болып шығады. Тарихтан иесі. «Ұстаз» деген ұғымда ұлылық та, жылылық та бар. Өйткені алдарыңызға тарыдай болып келген бала таудай аза-

да ұстаз алдында бас иген. Мысалы, даңқты қолбасшы Александр Македонскийдің өз ұстазы – Аристотель туралы мынадай сөзі бар: «мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін: әкемнен өмір алсам, ал Аристотельден өмірдімі жақсы өткізу туралы білм алдым». Қарап отырсақ, әр баланың тұлға болып қалыптасуында ұстаздар,

2-бет.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 37-сессиясы 2019 жылғы 16 қазанда сағат 15:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. «Облыстағы жергілікті автомобиль жолдарының жайы және оны жақсарту шаралары туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі №107 шешімінің орындалу барысы туралы.
2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» Қазақстан

Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі №343 Заңының облыста орындалуы туралы.

3. «2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы №271 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

4. Қосымша мәселелер. Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2019 жылғы 16 қазанда сағат 09:30-да, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 11:00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

Полигон құрылысымен танысты



3»



ЫҚЫЛАС

Қарттарға құрмет – өскелең ұрпаққа үлгі

Халықаралық қарттар күніне орай облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков УОС ардагерлері және тыл еңбеккерлерімен кездесті. Айдава ЖУМАДИНОВА.

Бұл біздің халықта қалыптасқан заңдылық десе болады, – деді облыс әкімі. Бүгінде облыста 74 мыңға жуық зейнет жасындағы қариялар бар. Қарттарға қамқор болу,

азаматтардың өмір сапасын арттырудың 2018-2020 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданған. – Қазіргі таңда Қызылорда қаласындағы 150 орындық арда-

мейірімі» жобасы жүзеге асып келеді. Бұл жобаға облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, көмекке мұқтаж жалғызбасты қарттар мен мүгедектер, тұрмысы төмен отбасылар түскі аспен қамтылды, – деді облыс басшысы.

Сондай-ақ, жыл сайын ардагерлердің өзге аймаққа сапарлап, тарихи орындарға саяхаттауы үшін жағдай жасалған. Айталық, жылда бюджет қаражаты есебінен ардагерлер Нұр-Сұлтан қаласына саяхаттайды. Ал, биыл Өзбекстандағы Қазакстан жылына орай Өзбекстан Республикасына және Маңғыстау облысына сапарлады.

Жиында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, «Құрмет» орденінің иегері, Социалистік Еңбек Ері, Батыр ана Сәліма Жұмабекова қарияларға қашанда қолдау көрсетіп жүрген бүгінгі буынға ақ тілегін арнап, алғысын жеткізді.

Мерекелік жиынға қатысқан қариялардың бірі – 80 жастағы Күләш Айтлісова. Ол отыз жылдан астам уақыт ауыл шаруашылығы саласында еңбек етіп, «Үздік сауыншы» атанған. Кезінде облыстық кеңесінің депутаты болған қария жыл сайын атаулы күн ескерусіз қалмай, ардагерлерге құрмет көрсетілетініне ризашылығын білдірді.

Шара барысында ардагерлерге Сыр елінің өнерпаздары ән арнап, мерекелік сыйлықтар тарту етілді.



Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1990 жылы 1 қазанда – Халықаралық қарттар күні деп жариялағаны белгілі. Содан бері бұл мерекені бүкіл әлем атап өтіп келеді.

Бар ғұмырын қажырлы еңбек етуге арнаған қарттарға құрмет көрсету жиынында аймақ басшы-

сы ардагерлерге алғысын білдірді. – Біз «қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп, үлкенін қадір тұтып, алдынан кесе өтпеген халықтың ұрпағымыз. Ғасырлар қойнауынан жеткен ұлағатты істі бізге жеткізіп, ертеңге ұластыра білген қазыналы қарттарымызды біз ардақтамасақ, кім ардақтайды?

ардагерлердің әлеуметтік мәселелерін шешу қашанда басты назарда.

Айта кетейік, өткен жылдың 1 шілдесінен бастап 69 мыңнан астам зейнетақы алушының базалық зейнетақы төлемдері тікелей еңбек өтіліне байланысты тағайындалды. Өңірде егде жастағы

герлерге арналған оналту орталығында, облыстық қарттар үйінің жанындағы 100 және қалалық ардагерлер үйінің жанындағы 50, Шиели ауданындағы 50 орындық күндізгі станция түріндегі оналту бөлімдерінде 3 мыңға жуық адам қызмет алады. Облыста бірнеше жылдан бері «Сыр

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Білім сапасы – басты көрсеткіш

ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Сындарлы қоғамдық диалог – тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында «қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасы алшақтан барады.

Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы» деп атап көрсетілген еді. Ұстаздың атқаратын міндеті бір болғанымен, нәтижесі әртүрлі. Технологиялар жылдам дамыған заманда білім сапасын қамтамасыз етудегі мұғалімнің рөлін ешнәрсемен ауыстыруға болмайды. Қазіргі таңда білім саласындағы міндеттердің бірі педагог кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру басты бағыттардың біріне айналды. Ұстаздардың біліктілігін арттыру арқылы қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білім сапасын теңестіруге болады.



сандық технологияға жақын ұрпақ өкіліне жатады. Осындай мамандардың біліктілігін арттыруда Робототехника, Аралас оқыту (Blended learning) курстары да жүргізілуде.

Сонымен бірге ұстаздарының озық тәжірибесін насихаттау мақсатында наурыз-қазан айларында ұстаздар арасында бейне-сабақтардың «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқауын жариялады. 15 қазанда байқаудың облыстық кезеңі қорытындыланады.

Бірыңғай ақпараттық-білім кеңістігінде заманауи педагогикалық тәжірибені жинақтау және насихаттау, педагогтардың АКТ құзыреттіліктерін арттыру мақсатында ұйымдастырылған байқауға 115 өтінім келіп түсті. Институттың сараптау комиссиясы материалдарды саралап, үздіктерін анықтайды.

Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, қосымша білім беруіндегі заманауи технологиялар бағыттары бойынша облыс педагогтарының жұмысын сараптау нәтижесінде 21 номинация бойынша 63 жеңімпаз анықталып, бейне-сабақтары республикалық кезеңге жолданды. Республикалық кезең желтоқсан айында Алматы қаласында өтеді.

Қазіргі кезеңде мұғалімдерге шектеусіз құзыреттіліктер берілген. Шығармашылықпен жұмыс жасауға мол мүмкіндіктер бар. Сол мүмкіндіктерді пайдаланып, еліміздің келешегі үшін еңбек етіп, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу – жанашыр мұғалімнің басты міндеті болып қала бермек.

Сәкен СЕРІКБАЕВ, «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы облыс бойынша ІПҚ БАИ директорының орынбасары.

Басылымға басшы тағайындалды

«Сыр медиа» ЖШС құрамындағы облыстық «Қызылордские вести» газетінің басылымға өзгеріс орын алды.

Орыс тіліндегі облыстық басылымның бас редакторы міндетін атқарушы болып белгілі журналист Қазыбек Ботаев тағайындалды.

Ботаев Қазбек Камалұлы 1957 жылы 15 желтоқсанда Қызылорда облысы Шиели ауданында дүниеге келген. Орта мектептен соң ол ҚазҰУ-дың филология факультетін «орыс тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1984 жылы Қызылорда қаласындағы №235 орта мектептің мұғалімі болып бастаған. 1994-1998 жылдары облыстық радионың орыс редакциясында редактор, аға редактор болды. 1998-1999 жылдары облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бас маманы, 1998-2011 жылда-



ры облыстық «Қазақстан-Қызылорда» телерадиосында редактор, ақпараттық қызметтің бас редакторы және жаңалықтар бөлімінің редакторы қызметтерін атқарды. 2011 жылдан бері осы газетте еңбек етіп келеді. Бүгінге дейін басылымдағы «Қоғам» бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды.

Жаңа қоныстағы жарқын сәт

Балаларымыздың заман талабына сай балабақшаға қабылданып, түрлі үйірмелерден өнер үйренетініне қуаныштымын, – дейді Г.Елемесова.

Қала күні қарсаңында жаңа қоныстағы мереке мұнымен аяқталған жоқ. Бұл күні барлығы 220 пәтерлі 5 қабатты 4 тұрғын үй пайдалануға беріліп, тұрғындар тағы бір қуанышқа кенелді. Үйлердің құрылысын «Авангард», «Бак-Береке», «Аман-Құрылыс», «Интер-гройс» компаниялары жүргізген. Жаңа баспанадан

тыл және Ауған соғысының ардагерлеріне және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастарға, II топ мүгедектеріне пәтер кілті табысталды.

Тұрғындарды құттықтаған аймақ басшысы соңғы жылдары қаламызда 15 шағын аудан бой көтеріп, 7 мыңнан астам қызылордалық баспаналы болғанын атап өтті. Сондай-ақ, «Баламекен» жобасы аясында облыс әкімдігі мен кәсіпкер «Болат Өтемұратов қоры» қаржысымен 150 тұрмысы төмен көпбалалы отбасы баспаналы болды. Бүгінде сол жағалауда 50 пәтерлік 25 тұрғын үйдің құрылысы жүрде.



Өз уақытын аямаған, шәкірт бақытын аялаған

– Білім саласы еш уақытта мемлекеттің назарынан тыс қалған емес. Биыл Нұр-Сұлтан қаласында өткен республикалық тамыз конференциясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бірқатар өзекті мәселелерге тоқталып, оларды кезең-кезеңімен шешуді тапсырды. Әсіресе, педагог мәртебесіне ерекше тоқталды. Президент тапсырмасына сәйкес, алдағы төрт жылда мұғалім еңбекақысы екі есеге өсетін болады.

Өздеріңізге белгілі, соңғы жылдары біздің өңірде бюджет қаражатының ең көп бөлігі әлеуметтік салаға, соның ішінде білім саласына бөлінуде. Облыста балабақшалар желісі жыл сайын артып келеді. Оның 72 проценті жекелер үлесінде. Нәтижесінде, 3-6 жастағы балалар балабақшамен 100 процент қамтылды. Білім ошақтарындағы 3 ауысымдық оқу және апатты мектептер мәселесі шешілген. Аймақ мектептерінің 60 проценті жаңа модернизациялық пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілсе, компьютерлер 100 процентке жаңартылды. Бүгінде барлық білім беру ұйымдарында 30 мыңнан астам мұғалім еңбек етеді. Облыста ұстаздарды қолдау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді, – деді аймақ басшысы.

Мерекелік кездесуде мұғалімдер өз мектептерінің жетістіктерін айтып, лебіздерін білдірді. Алғаш болып Сырдария ауданы №129 орта мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Раушан Абдраманова сөз алды.

– 60 жылдық тарихы бар мектебіміздің заманауи үлгіде салынған жаңа ғимараты 2015 жылы пайдалануға берілді. Екі жыл катарынан аудандағы «Үздік білім ордасы» атанды. Ұстаздардың тынымсыз еңбегінің арқасында оқушыларымыз аудандық, облыстық, республикалық олимпиадалар мен ғылыми жобалар, спорттық сайыстарда жеңімпаз атанып жүр. ҰБТ бойынша мектеп түлектері төрт жыл катарынан 100 процент мемлекеттік грант иегерлері қатарынан көрінді. Осындай нәтижелі еңбектің арқасында мектепке лицей мәртебесі берілді, – деді ол.



Сонымен бірге Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінің өндірістік оқу шебері Әнуарбек Нұрымбетов, №4 облыстық дарынды балалар мектеп интернатының тарих пәнінің мұғалімі Айман Смағұл да шәкірттерінің жетістіктері жайлы айтып, мереке қарсаңындағы жылы жүзделуге ризашылықтарын білдірді.

Қалалық өнер мектебінің оқытушысы Кәмшат Қауғанбаева бастаған ұстаздар қауымы шырқаған «Ұстазым, менің ұстазым» әні мерекелік кездесудің мазмұнын аша түсті.

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқаков ұстаздар қауымын құттықтап, ықыласын білдірді.

– Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен суындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухы мол азамат қалыптастыруда ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Олай болса, білім көшіні алға сүйреп келе жатқан ұстаздар қауымын кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Мұғалім – барлық кәсіп несіне білім беретін тұлға. «Адам бойына барлық жақсылық мұғалімнен дариды» деп ұлы Абай айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі – оқушының болашақ тағдыры. Біздің елде ықпалым заманнан бері ұстаз мәртебесі биік бағаланып келеді, – деді облыс әкімі.

Қазіргі таңда тек пән мұғалім болу аз, ұстаз инноватор, инноватив болуы керек. Мұғалімнің білімін арттыруына мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалған. Ұстаз ұғымын ұлағат тұтып, қадірі мен қасиетін құрметтеу – парыз болса, олардың жағдайын жасап, мәртебесін көтеру – міндет. Қазір мектептер түгел кен жолақты интернетке қосылған. Робототехника, жанартылған пәндік кабинеттері бар. Білімді ұстаздардың арқасында дарын-

ды оқушылар халықаралық олимпиадалар мен ғылым жобаларда жүлделер атанып жүр.

Мұнан кейін аймақ басшысы ұстаздарды тәуселсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуына, білім беру саласына қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «БІ.Алтынсарин», «Білім беру ісін құрметті қызметкері» төсбелгісімен, Құрмет грамотасымен, облыс әкімінің Алғыс хатымен марапаттады. Сонымен бірге Сыр елінде тұңғыш рет өткізілген «Тұлпар мініп, ту алған» байқауының жеңімпаздары да құрмет көрінісін көрді. Мыңнан озған жеңімпаз Қазалы ауданындағы №249 мектеп-лицейінің оқушысы Гүлзира Қонысбайға 1 миллион, ал ұстазы Гүлфайруз Әлішевқа 2 миллион теңгенің сертификаты табысталды. Екінші орынды иеленген Қармақты ауданындағы №272 орта мектептің оқушысы Даяна Толыбаева 600 мың, ал ұстазы Мереке Қайнарбаева 1 миллион 200 мың теңгенің сертификатын алды. Үшінші орынды иеленген Қазалы ауданы №176 орта мектептің оқушысы Гүлбарға Әзгенге 300 мың теңге, ал мұғалім Жадыра Көшекбаеваға 600 мың теңгенің сертификаты берілді.

Тағы бір қуанышты жаңалық – Е.Әуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп - интернатының физика пәні мұғалімі Гүлзина Бекмұхаметова және Текей батыр Қарпықұлы атындағы колледждің арнайы пән оқытушысы Ботағыз Таңқыбаева республикалық «Үздік педагог-2019» байқауының жеңімпаздары атанды. Олар Нұр-Сұлтан қаласында өтетін жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне қатысады.

Мерекелік кеште аймақтың өркендеуіне үлес қосып, ел тыныштығының сақшысы болып жүрген ерекше мамандық иелері бір сәт өздерін шәкірт сезініп, ұстаздарын құттықтап келді. Қорғаныс, төтенше жағдайлар, полиция департаменті, денсаулық сақтау саласының мамандары әннен шашу шашты.



Ақ дастархан басында ардагер ұстаз Мәдина Әліпбаева, ата-аналар атынан Жығақұл Берекетова аналық тілектерін білдірді. Әсерлі кеште ұстаздар қауымы жайлы дайындалған бейнебаян, ки композициясы көрсетіліп, таңымал әндерден попурири орындалды.

Айнұр БАТТАЛОВА, Айсәуле ҚАРАПАЕВА, Суретті түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ.

«ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА»

Полигон құрылысымен танысты

Облыс әкімі Қуанышбек Бексенов қала сыртындағы жаңа полигонның құрылысымен танысты. Бүгінде нысанның сыртқы инженерлік желілерін жеткізу жұмыстары қызу жүргізілуде.

Дәулет ҚЫРДАН.

Облыс көлемінде 145 қокыс полигоны бар. Оның 4-уі ғана барлық талаптарға сай келеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы, «Жасыл экономиканың» талабы бойынша 2030 жылға дейін қатты қалдықтарды өңдеу үлесін 40 процентке жеткізу керек. Аймақ басшысы өндіріске өнімді үлес қосар нысанды уақытылы пайдалануға берудің маңызын айтты.

Желтоқсанның алғашқы күнінде толық іске қосылу керек. Тек сұрыптау ғана емес, әрі қарай өңдеп, қажетті заттар шығаратын шағын зауыт салған дұрыс. Бұл мәселе әлі де өзекті. Болашақта біз осындай жобаларды қолға алуымыз керек, – деді аймақ басшысы.

Жаңа полигон құрылысының жартысынан астамы біткен. Жердің жалпы аумағы 20 гектар болса, ондағы құрылыстың көлемі 28 мың шаршы метрге жетеді. Мұнда 40 жұмыс орыны ашылады деп күтілуде.

– Бір жылда 60 мың тонна



қатты қалдық жиналады деген жоспар бар. Полигонға дейін 3 жолмен шакырым жол салынды. Көне полигон жабылып, қаладан шыққан қоқыстың барлығы осында әкелінеді. «Қызылорда тазалығы» мекемесі тасымалдаумен айналысады. Жұмыс жүйелі

жолға қойылады, – деді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Шәменов.

Жалпы құны 1,3 миллиард теңгені құрайтын жоба аясында

және «Техоснастка Ремсервис» серіктестіктері мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі нәтижесінде бұл жүкті жұмыла көтеріп отыр. Айта кету керек, жобаның 50 проценті, яғни, 652 млн теңгесі инвестор есебінен. Құрылыс аяқталған соң Қызылорда қаласы әкімдігінің басқаруына беріледі.

Облыс көлемінде қокыс полигоны өзекті мәселелердің қатарында. Мәселен, Арал қаласына полигон салу үшін 176,9 млн теңге керек болса, Сексеуіл кентіне 133,2 млн, Терөзек кентіне 119 млн теңге қаржы қажет.

Жаңа полигондардың жоба құжаттарын әзірлеу барысында қолданыстағыларға сұрыптау кешені мен қайта өңдеу құрылғыларын қосу жоспарға енгізілген. Тұрғындар арнайы орнатылған контейнерлерді күтіп ұстап, қайсысына не зат салатынына жауапкершілікпен қарағаны абзал.

Әйткенмен, бізде сұрыптаған қалдықтардың басым бөлігін көрші облыстар алып кетеді. Ендеше шикізат көзі ретінде емес, дайын өнім өндіруші ретінде танылатын кез келді. Аймақ басшысы көтерген мәселе де сол. Былтыр 4,7 мың тонна қалдық өңделсе, 142 мың тоннасы полигонда қалған. Быыл 6 айда жиналған 64840 тонна қалдықтың 4552 тоннасы ғана өңделіпті.

бесжақты келісім жасалған. Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, облыстық жолшылар көлігі және автомобиль жолдары басқармалары, қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі, «Қызылорда тазалығы»

Күріш жармасының нарығы ұлғаяды

– Енді, міне, кәсіпорын күріш жармасын өңдеу және оны сатуға ұйымдастыру, сауда-саттық аясын кеңейту мақсатында Қытай технологиясымен жабдықталған жаңа зауытты іске қосып отыр. Ол негізгі дақылды ақтап қана қоймайды. Мал шаруашылығы үшін күріш қауызын ұнтақтап, қалдықсыз өнім шығарады. Осылайша Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Тәжікстан мемлекеттерінің нарығын игеруге жол



ашылды. Заманауи өндіріс ошағы аймақтың азық-түлік қауіпсіздігі мен

әлеуметтік-экономикалық дамуына, жұмыс орындары санының артуына, салық базасының нығаюына септігін тигізетіні анық, – деді облыс әкімі.

Одан кейін ауыл шаруашылығы саласының ардагері Нұрлыбай Ұлықпанұлы компанияның қадамына тілектестік білдіріп, бата берді.

Айта кетейік, сапа менеджменті мен стандартына толық жауап беретін зауыт 80 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге қауқарлы.

СЕРГЕК

Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі №249 мектеп-лицейінде мұғалімдердің үстел теннисінен аудандық іріктеу жарысы өтті. Сол жарыста Басықара ауылындағы №182 мектептен Ұлдай Жұбайдуллақызы бірінші, №70 мектептен Ләззат Ешпанова екінші, Жанқожа ауылындағы №94 мектептен Айзада Тасыбаева үшінші орынды жеңіп алды.

Спортты серік еткен ұстаздар

Айзаданы сонау 1980 жылдары аудандық волейболдан, үстел теннисінен өткен ойындарда көріп жүретіміз. Облыстық жарыстарға да қатысты. Ардагер-ұстаз замандастарына салауатты өмір салтын насихаттауды да ұмытқан емес. Айзада Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың орыс тілі маманы бойынша жоғары білім алған. Қазір бір мектепте еңбек еткеніне 38 жыл болыпты.

Ал, Әйтеке би кентіндегі №70 мектептің тарих пәнінің мұғалімі Ләззат Ешпанова аудандық, республикалық жарыстың жүлдегері. Бүгінде ардагерлер санатына кірсе де естілігімен танғалдырды. №182 мектептің спортшы қызы Ұлдай Жұбайдуллақызы облыстық, аудандық бәсекелерде жүлде алып жүрген ұстаз. Мамандығы – информатик. Спортты серік еткен замандас, қыз-келіншектер көпке үлгі бол жандас.

Мұхтар СӘЛМЕН, ҚР білім беру үздігі.



Қоғамдық тыңдау

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресориз» АҚ және «Торғай-Петролеум» АҚ 2007 жылдың 28 маусымындағы №204-п «Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу жөніндегі нұсқаулықтың» 52-ші тармағына сәйкес «Құмкөл кен орнын игеру жобасының» «Қоршаған ортаға әсерін алдын ала бағалау жобасы» құрамын талқылау үшін қоғамдық пікірлестіріс есеіне алу үшін қоғамдық тыңдаулар түрінде өткізілетіндігін хабарлайды.

Жергілікті атқарушы орган – «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы». Жауапты тұлға – Қайнар Данияр, тел.: 8(7242) 60-53-69;

Тапсырыс берушілер – «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресориз» АҚ, Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13, тел.: 8(7242) 261053. «ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ, Қызылорда қ-сы, III Есенов к-сі 1А.

Жобаны әзірлеуші – «Мұнайгаз-ГЗЖИ» АҚ, Мекен-жайы: Манғыстау облысы, Ақтау қаласы, 8 ша. 38 «А» үйі, тел.: 8(7292) 600208 вн:168, 207. Электрондық поштасы: tuyan1@nipr.kz, zamir.murtaliev@nipr.kz

Жоба бойынша құжаттамалар орналасқан интернет-ресурсының мекен-жайы – www.tabigat.e-kyzylorda.gov.kz

Тапсырыс берушінің өкілі: «ПҚКР» АҚ – Адратов Азамат, тел.: 8(7242) 29-98-91, Электрондық поштасы: Aзамат.Adratov@petroqazakhstan.com. «ТІП» АҚ – Есеназаров Олжас Серикович, тел.: 8(7242) 26-21-99, e-mail: oyesenazarov@turgai.kz

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облыстық мәслихаты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қарметі туралы» заңдары талаптарының бұзылуына жоқ бермеу мақсатында Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі № 1 ғимаратында «Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің «Азаматтардың өтінішін қабылдау жәніндегі» орналасқандығы және 605401 «сенім» телефоны жұмыс істейтінін хабарлайды.

Электронды мекен-жайы: kuz_oblmasslikhat@mail.ru

Қызылорда облыстық мәслихаты лауазым иелерінің азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Азаматтарды қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның тегі, аты-жөні	Азаматтарды қабылдайтын адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Бисенов Қызылбай Алдабергеноұлы	Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы	бейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 1	605401
Ігіров Бақытжан Жеткерұлы	«Қызылорда облыстық мәслихатының аппараты» ММ басшысы	сейсенбі сағат 15.00-17.00	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, № 1	605399

Жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға алдын ала жазылу үшін 8 (7242) 605401 байланыс телефоны арқылы хабарлауға немесе Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1 мекен-жайы бойынша келуге болады.

Хабарландыру

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2019 жылдың 20 қыркүйегіндегі №4360-19-00-2/24158 санды шешімімен «КазЭлектронИнжинирингСервис» ЖШС-на қатысты төлем қабылданғандығын реттеу рөсімін қолдану туралы сот шешімі шыққандығын уәкілетті органдар мен кредиторларға хабарлаймыз.

«КазЭлектронИнжинирингСервис» ЖШС.

ХАБАРЛАМАЛАР

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресориз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-04) «Өңүстік Құмкөл кенішіндегі су айлау жүйесі. (№140, 4034, 3043, 2023, 2122, 4003 ұнғымалары)» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезеңінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтاما алу телефоны: 8(7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресориз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (20-14) «Шығыс Құмкөл кеніші №239 ұнғымалары» аралық құбыржолды ауыстыру» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге

ТАБИҒАТ ТАҒЫЛЫҚТАН ТОЗАДЫ

Табиғат – адам баласына берілген баға жетпес байлық. Табиғаттың сыйға тартқан байлығын, тау-тасын, өзен-көлін ата-бабаларымыз қорғаштап, күтіп-баптап бізге жеткізді. Біз өз кезегінде ұрпағымызға бүлінбеген қалыңда аманаттауымыз керек. «Табиғатты аялайық, оны қорғайық!» деп дабыраны көп жасағанымызбен, шынайы іске келгенде тоқырайтын да сәттер болатыны бүгінгі күннің шыңдығы.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

Залал келтіргендер заңнан құтылмайды



Облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының мәліметінше, өңірде 207 көл, Сырдария өзенінің 1274 шақырым аумағы, 38 аңшылық алқап, 8 орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі, «Барсақалемес» мемлекеттік табиғи қорығы, «Торанғылсай» мемлекеттік табиғи қаумалы, «Республикалық орман селекциялық-тұқым өсіру орталығы»

РМҚК Оңтүстік-Батыс аймақтық филиалы, «Қамыстыбас балық питомнигі» РМҚК орналасқан.

Сонғы кездері екінің бірі аңшылыққа әуес көріп, онымен айналысуға «сәнге» айналдырды. Әрине біреулер үшін ол шынымен әуестік, демалудың бір түрі саналады, енді біреулер үшін күнкөріс көзі. Әсіресе хайуанаттар әлеміне көз салушылар мен қол сұғушылардың көбейгені де жасырын емес.

Аумақтық инспекция басшысы Ғалымжан Орақбаевтың айтуынша, облыс көлемінде табиғат заңдылықтарын қорғау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Рейдтік іс-шара кезінде жыл басынан бері 480 заңнама бұзу тіркеліп, хаттама толтырылған. Оның ішінде аң аулау қағидаларын бұзғандарға 71, балық аулау қағидаларын сақтамағандарға 397 және ор-

ман пайдалану тәртібін бұзғандарға 12 әкімшілік іс қозғалған. Әкімшілік істердің 91-і тиісті шешім қабылдау үшін сот органдарына жолданыпты.

Жыл басынан табиғат заңдылығын бұзған 377 тұлғаға 4,1 млн теңге айыппұл салынып, оның 89 %-і өндірілді. Сонымен қатар, табиғат заңдылығын бұзуға қатысты 51 қылмыстық іс анықталған. Оның ішінде заңсыз қоян, балық, қарақұйрық аулауға, сексеуіл, торанғыл ағашын шабуға қатысты іс қозғалған.

Табиғатты баға жетпес байлыққа теңейміз, ал оның қорғалуы мен сақталуына келгенде салғырттық танытып жататынымыз да жасырын емес. Әр адам орман мен қорықтардағы аң-құстардың, тал-теректің көбеюіне, өсіп-өнуіне себепкер болып отырса дейміз. Өйткені болашақ ұрпақ алдында бабадан қалған шексіз байлық – табиғаттың құрпы кетпеуі үшін де мақсатты жұмыс керек-ақ.

Қорғаныс құралдарының маңызы

Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі бұйрығымен бекітілген қағидаға сәйкес жұмыс беруші өз қаражаты есебінен жұмыскерлерге сүт немесе оған теңестірілген тамақ өнімдері, емдік-профилактикалық тағам, арнайы киім және басқа да жеке қорғаныс құралдарын беру керек. Олар ұжымдық қорғаныс құралдарымен, санитарлық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз етіледі. Жеке қорғаныс құралдары (противогаздар, өздігінен құтқарғыштар, сақтан-дыру белбеулері, масаханалар, қасқалар және өзге де құралдар) жүйелі түрде сынақтан өткізіліп, дурыстығы тексеріледі.

Ал қорғаныс қасиеттері төмендеген сүзгіштер, шынылар және өзге де бөлшектер уақытында ауыстырылуы тиіс. Тексеруден кейін жеке қорғаныс құралдарына келесі сынақ мерзімі туралы белгі (таңба, мөртанба) қойылады.

Жұмыс беруші жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарына тиісті күтім ұйымдастырады, алдын ала өңдеп, жөндейді.

Ұйымда міндетті түрде санитарлық-тұрмыстық орын-дер болуы қажет. Оларға киім ілу, жуыну, тазалау, дәретхана, шетін су орнатылған орын, арнайы киімдерді жуып, тазалау орындары кіреді. Жұмыс берушілер жеке қорғаныс құралдарының тек сертификатталған түрлерін алуы тиіс. Жеке қорғаныс құралдары қозғалуы кезінде келергі келтірмейтін ыңғайлы және жұмысшыларға өз өлшеммен беріледі.

Талапқа сай емес және қолдану мерзімі өтіп кеткен арнайы киімдер мен аяқ киімдер ауыстырылуы керек. Арнайы киімдер мен аяқ киімдер өткен маусымда пайдаланған жұмысшыларға қайтарылып беріледі.

Жеке қорғаныс құралдары (газдан қорғану құралы, қорғану белдіктері, қасқалар және т.б.) тұрақты тексерістен өткізіліп жөндеуіп отыруы, ал өйнектер мен басқа да қорғаныс құралдары уақытылы жанарып отыруы тиіс. Жұмысшыларға берілген арнайы киімдер мен жеке қорғаныс құралдары арнайы кеністіктің санитарлық нормаларына сәйкес сақталады.

Облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы.

Хабарландыру

«СНПС-Айданмунай» АҚ «Сарыбұлақ кен орнын орналастыру жобасына қоршаған ортаға әсер ету бағасы. Қызылорда облысы, Сырдария аймағы. №022-102/2019-00» жобасына әлеуметтік тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Әлеуметтік пікірінді есептеп түрі жазбаша ұсыныстарды және әлеуметтік ескертулерді жинау тәсілімен анықтап әлеуметтік БАҚ арқылы хабарлайды.

Әлеуметтік тыңдауды ұйымдастыруға жауапты тұлғаның байланыс деректері және жергілікті атқарушы органның атауы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі. Тел.: +7(7242) 60-53-62.

Ескертулерді және ұсыныстарды қабылдайтын жергілікті атқарушы органның электрондық поштасы: ptd@kord.gov.kz.

Жоба бойынша құжаттама орналасқан атқарушы орган интернет-ресурсының мекен-жайы: tabigat.e-kyzylorda.gov.kz

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу бойынша мемлекеттік органның атауы: "Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Тапсырыс берушінің атауы және байланыс деректері: «СНПС-Айданмунай» АҚ, Қызылорда қ., Назарбаев 9. Тел.: 8 (7242) 20-04-26 (1060).

Ескертулерді және ұсыныстарды қабылдайтын тапсырыс берушінің электрондық поштасы: Abytov.a@timal.kz, тел.: +7 700 222 19 08.

Құжаттама әзірлеушінің аты және байланыс деректері: «Timal Construction Group» ЖШС Алматы қ., Аль-Фараби даңғылы, 7. «Нұрлы Тау» БО 5А блоқты офф.188. Тел.: +7(727)391-01-21 ішкі 108, e-mail: Abytov.a@timal.kz

Еске аламыз өзіңді, аяулы ана



Шанырағымыздың шаттығы, әулетіміздің отын өшірмеген отанасы, ағайындыз пен жақын-жуықтың жанашыры, әулетімізді алақанына салып әділденген аяулы анамыз Ажарқұл Сәрсенбайқызы өскенді 1 жыл бұрын 71 жасында армыздан мәңгілікке алыстаған еді. Міне, содан бері кеудемізде аяулы жанға деген сағыныш кернеумен келеді. Алланың ісіне аман бар ма!

Жастайынан өнерге жақын анамыз Қазала мектепте оқып жүргенде көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі, өңеші болған. Қазакы арғауа тән бар өнерді бойына жинаған ардақты жан кеміс Серікбай Бисеновпен 1965 жылы шанырақ көтереді.

Сөйтіп анамыз үлкен әулетке келіп болып, ене мен абысынның, текті тұқымның тәрбиесін алып көтеріп-көктейт, елі сыйлайтын абзал ана атанды. Аяулы анамыз Н.Лиясов ауылындағы балбақнақлада музыкадан дәріс беріп, СІТУ-10-да абыройлы қызмет атқарып, 1996 жылы құрметті зейнет демалысына шықты.

Ағайын-туысына жанашыр, қамқор тілекші болған анамыздың жоқтығы жанымызға қатты батады. Әулеттің отанасы атанған абзал жан 12 жылдан астам уақыт ауыр кеселмен алысып жатса да, күлімдеп отыратын сабырлы кейпінен таймаған отбасының берекесі еді. Бар тұмырын жұбайына, балалары мен немерелеріне арнаған эзиз анамызды сағынып еске аламыз.

Ұрпағына болып едің нұр-шұрақ, Әулеттегі жарқ жұлдыз шамшырақ. Арамызда өзін жоқын қайтейік, Жүрегіміз отыр міне, қан жылап.

Жақсылыққа жаралған жаны нағыз, Келіп сізді қаларды сарыламыз. Аяулы ана, ардақты әже өзіңді, Жөк дегенге сенбейміз, сағынамыз. Анамыз Ажарқұл Сәрсенбайқызының жылдық асы 13 қазан күні сағат 12.00-де Қызылорда қаласындағы «Астана» мейрамханасында болатынын барша ағайын-туыс, құда-жекжат, жора-жолдас, көрші-көлем, қызметтестерге хабарлаймыз.

Еске алушылар: Бисеновтер әулеті.

Финал алдындағы кездесу

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов «Қайсар» футбол командасының ойыншыларымен кездесті. Футболшылар осы жексенбіде Нұр-Сұлтан қаласындағы «Астана-Арена» стадионында атыраулықтармен Қазақстан Кубогын сараңға салады. Маңызды матч алдында аймақ басшысы спортшыларға сәттілік тіледі.

Дәулет ҚЫРДАН.

– Футбол – әлемдегі бірінші ойын. Кубок үшін тартыста финалға шығу – үлкен жетістік. Сіздерден осы ойында да жеңіс күтеміз. Атыраулықтар «Қайсардың» қандай ойын көрсетерін тап басып айту қиын. Төтеннен соққы жасайтын мықты команда»

деген көзқараста екен. Сондықтан командалық рухты жоғары ұстап, шеберлік көрсетіңіздер. Бұл ойын осы жылдың басты спорт жаңалығы болсын, – деді облыс әкімі. Кездесуде «Қайсар» футбол клубының бас бапкері Стойчо Младенов сөз



алып, аймақ басшысына алғысын білдірді. – Айтулы сәтте бізбен бірге болғаныңыз – зор мәртебе. Қолдауларыңыз үшін алғыс білдіреміз. Ойыншылар сақдай сай. Дайындығымыз да жоғары деңгейде. Жеңісті күндерде жолығатынымызға сенеміз, – деді ол.

Шарада спортшылар облыс әкіміне 12-ойыншы жейдесін табыстады. Айта кетейік, «Қайсар» Қазақстан Кубогының финалында осыдан 20 жыл бұрын ойнаған.

Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.



РУХАНИ
ЖАҒЫРЫ

LATYN QARPIN ÜIRENEMİZ

Құрметті оқырман!

Облыстық «Сыр бойы» және «Ақмешіт жастары» газеті жалпыхалықтық латын қарпіне үйретуді бастады. Бүгін сабақтың – он бесінші күні. Сонымен Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығы мамандарының Қазақ әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспарының жүзеге асыру мақсатында дайындаған «Жаңа қазақ әліпбиінде жазуға дағды қалыптастыратын жұмыс дәптерін» белсенді орындауға шақырамыз. Ұсынылған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйретеді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді. Берілген тапсырмалардың жауаптарын tilortalyk_kzl@mail.ru (тел.: 70-06-81) электронды поштасына жолдап, марапатқа ие болыңыздар!

Qurmetti oqyrman!

Qyzylorda oblysynyñ tilderdi oqyty ortalygy mamandarynyñ Qazaq әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңмен көшіру жөніндегі respublykalyq іс-шаралар жоспарының жүзеге асыру мақсатында дайындалған «Jańa qazaq әліпбиінде жазуға дағды қалыптастыратын жұмыс дәптерін» белсенді орындауға шақырамыз. Ұсынылған әдістемелік құрал латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің әріптерін жазуға үйретеді. Графикалық тапсырмаларды орындау арқылы тіл үйренуші әріптерді дұрыс жазуды және олардың байланысын ажыратуды меңгереді.

Berilgen tapsyrmalardyñ jaýaptaryn tilortalyk_kzl@mail.ru (tel.: 70-06-81) elektronды poshtasyna joldap, marapatqa іe bolıyñyzdar!

Jumys dăpterі
Aty-jóni:

Mm

1. Ąripti jazıyñz

M _____

m _____

2. Sızderdi oqyñz. Qajetti āripti jazıyñz.

at_yl, aqast, ereke, s_k, qala_sap, e_leket, asa, ju_baq, urt, aqta, aqtanysh, tapsyr_a, ta_asha, ashna_juci_.

3. Sōilemdi kōshirip jazıyñz.

Galymdar jas mōlsheri degenimiz adamdardıyñ omir sırgen jıldarynyñ sany emes, - deidi.

Men shahmatty ōte qatty jaqsy kōremin.

Murajada olardıyñ medali bar.



4. Sıretterdi sıpattap sōzben jazıyñz.

5. Sıretti sıpattañz.



A. HURTAI QYZY.

ОЙТОЛҒАҚ

Осы тақырып балалар үшін мектепте де, үйде де айтылады, кейде жұмыста, қызметте жүрген егделердің де есіне салып қоюға тура келеді. Ал, балаға қанша айтсаң артық болмайтын асыл дүние. Үлкендер үшін айтылатыны арамызда асыл қағидаларды жасынан құлағына сіңіре алмай, үлкен өмірге араласып кеткендер жетерлік. Бәкім, қызмет этикасы туралы заңның қабылдануы да содан шығар.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

Тәртіп пен мәдениет туралы сыр



Адам өмірі – өте күрделі құбылыс. Айналадағы ағайынның, достың реніші мен қайғысын тең бөлісу – адамгершіліктің ең жоғары сапасы. Адамгершілік дегеніміздің өзі кішінің үлкенге сәлем беруі, жол беруі, достардың қуанышын бөлісіп құттықтауы, көршінің жақсы қылығын мадақтауы сияқты кәдімгі қарым-қатынастардан тұрады.

Адам тәртібінің екі түрі болады: сөздік және нақтылық. Сөздік тәртіп – өз ойымызды білдіруіміз, пікіріміз, дәлеліміз. Біз кейде ашу үстіндегі, шаршаған кездегі жүйке толқынындағы дүмпуді іре алмаймыз. Жиналған жұрт арасында немесе жұмыста жүргенімізге онша мән бермейміз. Ал, әрбір сөздің мазмұны іс-әрекетіміз бен қимылымыздан бірден-бір кем емес. Атақты жазушы Лияс Есенберлин: «Ауыздан шыққан суық сөз жүрекке жеткенше мұзға айналады» депті.

Жалпы, осы мазмұндағы дағдыларды айтып кеткен ақылы сөздердің бастауы ислам дінінде жатыр. «Бір адамның көңілін қалдыру Қабғаны қиратқанмен тең» – дейді қасиетті хадисте.

Сондықтан орнықты әңгімелесу, сөйлесе білу, ой-пікірін орамыд жеткізу – адам мәдениетінің бір саласы. Жасы әңгімелесуші болудың бір ғана тәсілі бар, ол – тыңдай білу. Кейбір кісі сенің не айтып жатқаныңды тыңдамайды, анығында тыңдағысы келмейді, тек өз сөзі өтсе, болды. Бұл расында әңгімелесуші екінші адамның көңілін қалдырады, енді қайтып ол кісіге өз ойын ашық айтуды қаламайды, өйткені – «тыңдалмаған сөз жетім».

Адам мәдениеті мен оның тәртібінің өзара байланысты бо-

луы – табиғи іс. Қоғамда жасанды түрде кішіпейіл болып көрінгісі келетін, жалған жақсылық жасауға тырысатын адамдармен жиі кездесеміз. Олар әдетте адам тағдырына, қайғысына немқетгі қарайды, жақсыны көре алмайды. Сенің жетістіктерің мен кемшіліктеріңді көре тұрып, оларды көлгірсі жақтайтын немесе бас ізеп құптайтын адамдарға жоламау керек. Ондай адамдар – жарамсақтар, сырт айналып ғайбат сөйлеушілер. Тағы да дінімізге жүгінейік, исламда «Алла шексіз жомарт, барлық күнәнді кешіреді, ғайбаттан басқа» деген. Себебі не? Ғайбат адал, ақ адамды қаралап, күйе жағып, оның отбасындағы не қоғамдағы орнын жоғалтады. Өмірде нақақ күйіп, бақытсыз болып қалғандар қанша?

Құйрығы шаян, беті адам, Байқамай сенбе, құрбыға! Жылмаңы сыртта,

іші арам, Кез келер қайда сорлығы, – деп Абай дана айтпақшы, мұндай адамдар жақсылыққа жеткізбейді.

Мәдениетті адам өзін-өзі қарапайым, табиғи жағдайда ұстайды, кез келген жерде бірдей мінез көрсетеді, өзін қоршаған басқа адамдармен қарым-қатынас орнатқанда олардың қызметіне, лауазымына, туысқандық байланысына қарамайды, керісінше олардың кісілігіне, мәдениеттілігіне сай қарым-қатынас жасайды. Ол өз-өзіне сын көзбен, өз ісіне жауапкершілікпен қарайды, күдіктенеді. Өз пікірін өткізуге тырыспай, басқаларды да тыңдайды.

Жалпы алғанда өз пікірін, іс-әрекетін басқа адамдардың көзқарасымен бағалау, өзіне өзі сын көзбен қарау – адам мәдениетінің жоғары көрсеткіші.

ШУАҚ

Қарттарын қадірлеген ел ардақты

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты №1 Қызылорда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында Халықаралық қарттар күніне арналған шара өтті.

Шынар БЕКБАН.



Алдымен қонақтар орталықтың тыныс-тіршілігімен танысып, қызмет алушылардың колонер бұйымдары көрмесін тамашалады.

Мерекелік шараға облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру

және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Ибраева, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының бөлім басшысы Алтынбек Жарылқасынов, «Абзал және компания» то-

лық серіктестігінің директоры Мағжан Ералиев, «Жас Отан» жастар қанатының төрағасы Тағат Тілес қатысып, ардагерлерді құттықтады.

– Тәжірибесі мол аға буынның өмір жолы біз үшін аса құнды. Сондықтан халқымыз ертеден-ақ үлкенге құрмет көрсетуді өсиет етіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастыққа, үйлесімге ерекше мән берген. Қазыналы қарттарымыздың қатары ортаймасын. Көгер қызықтарыңыз көп болғай. Сіздерге зор денсаулық, ұзақ өмір, әулеттеріңізге бақ пен береке тілеймін, – деді А.Ибраева.

Орталықта ұйымдастырылған «Алтын күз» жәрмеңкесінде түрлі ұлт өкілдерінің тағамдары таныстырылып, келген қонақтарға ыстық бауырсақ таратылды.

Айта кету керек, орталықта күтімге және медициналық көмекке мұқтаж зейнеткерлер мен I, II топ мүгедектері тұрады. Қазіргі уақытта стационарлық жағдайда 153 қызмет алушы, оның ішінде 59 мүгедек және жасына байланысты 94 зейнеткер, сондай-ақ күндізгі бөлімшесі 100 қызмет алушы бар.

ШАРА

Туристік фестиваль



Дүниежүзілік туризм күніне орай қала мектептері оқушыларының қатысуымен туристік фестиваль өтті. Шараны облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының бәсекеге қабілет бағыты бойынша ұйымдастырды.

Қазір облыстағы Қорқыт ата кешені, «Байқоңыр» ғарыш айлағы еліміздің ғана емес, шетелдегі жәнәкәздерінің басын қосатын, басқаларға ұялмай көрсететін нысан екені белгілі. Жаңақорған да ұйымдастырылды. Бұл күні олар облыстық тарихи-өлкетану музейі, Тұңғыш Президент паркi, теміржол вокзалын аралап, тарихымен танысты. Сондай-ақ, сол жағалаудағы Жастар орталығында «Сүйікті қалам



– отандық туризмнің маңыздылығын түсіндіру. Бірнеше жылдан бері фестиваль студенттер арасында өтсе, осы жолы алғаш рет оқушылар арасында ұйымдастырылды. Бұл күні олар облыстық тарихи-өлкетану музейі, Тұңғыш Президент паркi, теміржол вокзалын аралап, тарихымен танысты. Сондай-ақ, сол жағалаудағы Жастар орталығында «Сүйікті қалам

A. HURTAI QYZY.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор **Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.**